

## БӨЛІМ: МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП

## Менің достарым. Заттар тобын салыстырамын

ЖАРИЯЛАНДЫ  
24.06.2019

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/58623/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

|                    |   |           |
|--------------------|---|-----------|
| Оқытылу мақсаты:   | 0.4.1.2.Белгілерді тану( =, >, <).  |           |
| Күтілетін нәтиже   | <p><b>Барлық балалар:</b> —суреттерге( =, &gt;, &lt;) салыстыру белгілері бар жазбаларды таңдайды.</p> <p><b>Көпшілік балалар:</b> —5 затқа дейін суреттерге( =, &gt;, &lt;) салыстыру белгілері бар жазбаларды құрастырады, оқиды.</p> <p><b>Кейбір балалар:</b> —заттар топтары мен сандарды қалай салыстыруға болатынын, суреттер бойынша сандарды 5-еуден көп заты бар топтармен салыстыру жазбаларын қалай құрастыруға болатынын түсіндіреді.</p>  |           |
| Тілдік мақсат      | <p><b>Дағдыларды дамыту:</b> -екі санды салыстыру жазбаларын оқиды, ( =, &gt;, &lt;) белгілері бар салыстыру жазбасын түсіндіреді.</p> <p>Пәндік лексика және терминология: -үлкен, кіші, тең, ( =, &gt;, &lt;) белгілері.</p> <p>Пікір алмасуға арналған сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Заттар тобын қалай салыстыруға болатынын айт.</li> <li>- Заттардың екі тобын салыстыру жазбасына қандай белгі қоюға болатынын түсіндіре аласыңдар ма?</li> <li>- Заттар тобын қалай салыстыруға болатынын айтуға саған қандай сөздер көмектескенін және мұны математика тілінде жазуға қандай белгілер көмектескенін түсіндір.</li> </ul> <p>Жазу: -боя, белгілерді қорша және т.с.с</p> |           |
| Өткен білім        | Есеп, «көп», «аз», «сонша» ұғымдары.  |           |
| <b>Жоспар</b>      |   |           |
| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет  | ресурстар |

|   |   |  |
|---|---|--|
| <p><b>I. Шаттық шеңбері: «Ыстық алақан»</b></p> | <p>Үш тілде амандасу:Саламатсыздарма, Здраствыйте, gudaftonon teishe<br/><b>Шаттық шеңбері: «Ыстық алақан»</b> Оқушылар шеңберге жиналып, бір-бірінің алақандарының үстеріне қолдарын қойып, бір біріне жақсы тілектер айтып сәттілік тілейді.</p>  | <p>Үш тілде амандасады.<br/>Ортаға жиналады, бір біріне сәттілік тілейді.</p>  |
| <p><b>II. Мақсатты болжам.</b></p>              | <p>Оқушылар асықтарды таңдау арқылы топқа бөлінеді. Топ ойыншыларының асықтарын санап салыстырады. Қай топта артық екені айтылады. Олай болса бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Заттар тобын салыстырамын».</p> <p><b>Өзектендіру.</b> Педагог балалардан өткен сабақта қандай белгілермен танысқанын сұрайды.<br/>— Заттар тобын қалай салыстыруға болатынын айт.</p>   |  |
| <p><b>III. тақырып бойынша жұмыс</b></p>        | <p>Егер санаған кезде қандай да бір сан бірінші айтылса, онда ол аз болады. Бүгін біз математика тілінде қандай да бір заттардың үлкен, кіші немесе тең екенін қалай жазуға болатынын білеміз. Балаларға әдетте үлкен және кіші белгілерін«құстың аузы» деп атайды, оларға бейнелі ұғымды есте сақтау осылай оңай болады. Жабық ауыз әрқашан кіші санға қарай, ашылған ауыз үлкен санға қаратып жазылады. Енді егер сол жақта үлкен сан тұрса, ауыз оған қарай ашық тұрады да, бұл«үлкен» белгісі болады, ал егер сол жақта кіші сан тұрса, ауыз солға қарай жабық тұрады, онда бұл «кіші» белгісі болады. Жақсырақ есте сақтау үшін белгілерді шынтағынан бүгілген қолмен көрсетуді ұсынамын. Әдетте адамдардың көпшілігі оң қолмен жазады, демек оң қолды бүксек, артық белгісін көреміз.</p>   |  |
| <p><b>«Кір жаятын жіп» әдісі</b></p>            | <p><b>(Т)</b> Топтағы отырғыштар мен парталар саналып,салыстырылады. Қай топта артық екені айтылады. Оқушыларды ортаға шақырып қыздар мен ұлдар араласып тұрады, қай топта қанша қыз, қанша ұл бар екені анықталып салыстырылады.</p> <p><b>(Ж)</b> Сосын әрқайсысы суреттегі доптарды жеке санап салыстырады.Суретке сәйкес дұрыс жазуды тап. Қоршап сыз. Балалардың барлығына доп жете ме?<br/><b>(Т)</b> «<b>Кір жаятын жіп» әдісі</b> шашылған сандарды бірінші топ ретімен ілсе, екінші топ кері санау бағытымен іледі. Екі топ бір бірін саусақ әдісімен бағалайды.</p>   | <p>Әліппе-дәптер,<br/><br/>Сандарды жіпке іледі. Екі топ бір-бірін саусақ әдісімен бағалайды. Берілген тапсырманы санап,салыстырады.</p> |
| <p><b>«Жемістер жинау» әдісі</b></p>            | <p><b>(Т)</b> «<b>Жемістер жинау» әдісі</b> балаларға «сиқырлы қораптан» бірдей жемістерді ( алма мен құлпынай) жинап тақтадағы карзинаға салады. Заттар тобы санмен белгіленеді. Бұдан әрі балалар өздеріне ыңғайлы тәсілмен салыстырады. Содан кейін сандардың арасына қандай белгі қоюға болатынын көрсетуді ұсынамын. Бір-бірін шапалақ әдісімен бағалайды. Егерде дұрыс жинаған топқа үш рет шапаолақтайды, қателіктер кездескен кезде екірет шапалақтайды.</p>  | <p>Затарды топтастырып, карзинаға жинайды санайды салыстырады. Бір-бірін шапалақ әдісімен бағалайды .</p>                                |
| <p><b>Сергіту сәті:</b></p>                     | <p><b>(Ж)</b> жеке оқушыға Жұлдызшалар мен үшбұрышты санатып, салыстыруды ұсынамын. Смайликпен бағалаймын.</p> <p><b>(Т)</b> «<b>Жемістер жинау» әдісі</b> балаларға «сиқырлы қораптан» бірдей жемістерді ( алма мен құлпынай) жинап тақтадағы карзинаға салады. Заттар тобы санмен белгіленеді. Бұдан әрі балалар өздеріне ыңғайлы тәсілмен салыстырады. Содан кейін сандардың арасына қандай белгі қоюға болатынын көрсетуді ұсынамын. Бір-бірін шапалақ әдісімен бағалайды. Егерде дұрыс жинаған топқа үш рет шапаолақтайды, қателіктер кездескен кезде екірет шапалақтайды.</p> <p><b>(Ж)</b> жеке оқушыға сәбіздер мен саңырауқұлақты санатып, салыстыруды ұсынамын. Смайликпен бағалаймын.</p> <p><b>2-тапсырманы</b> орындау ұсынылады. Сиқырлы қораптан бір оқушы белгілерді алып сол белгілерді балалар бастырып жазамыз.Сонымен қатар белгілерді ермексаздан сіріңке талымен, қорабымен жасауға болады.<br/><b>Сергіту сәті:</b> (электрондық тақтадан көрсетіледі)</p> | <p>Берілген тапсырманы санап,салыстырады.<br/><br/>Әліппе-дәптер, ермексаз, сіріңке талы,сіріңке қорабы.</p>                             |
| <p><b>IV. Кері байланыс Күн, бұлт</b></p>       | <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Сабақтағы өз жұмысын«Күн мен бұлт» арқылы бағалауды ұсынады. Педагог түсіндіреді: егер бүгінгі сабақ сіздерге қызықты болса күннің қасына жиналамыз, егер әліде қызықты болмасын мәліметтер қажет десеңіз бұлттың қасына жиналамыз..</p>   | <p>Электрондық тақтадан көріп бірге орындайды.</p>   |

Сағынова Жанаргүл

Батыс Қазақстан облысы

Қаратөбе ауданы, Саралжын ауылы

Б. Қаратаев атындағы Саралжын ЖОББМ

Мектепалды даярлық тәрбиешісі

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.